

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Құм көшкіні



Маңғыстаудың экологиясы мәз емес. Арал теңізіне жақын орналасқандықтан тұзды сор шөп-шаламға қонақтап, сортанданып, шанды дауылдан көз ашуы сирек Бейнеу ауданынан бастап, түбекке дендей кірген адам табиғат үйлесімділігі бұзылуының сан көрінісіне куә болады. Тау құмдардың алып аждаһадай жылжып екінші жерге қоныс аударуы немесе кеше тұрған алып құм төбенің бүгін басқа жағында орналасуы үрейлі-ақ. Бұл үрей тек бір сәттік сезім емес, расында арты табиғи апатқа соқтыруы мүмкін зардаптың салқын елесі...

Маңғыстауда өткен ғасырдың 80-90-шы жылдарынан бастап дабыл қағылып, мәселе ретінде көтерілген жайттың бірі – құм көшкіндерін тоқтату болатын. Бұл бағыттағы жұмыстар бірнеше рет қолға алынып, бірақ әдеттегі салғырттығымызға сай соңы сиыр құйымшақтанып, құмға сіңген судай аяқсыз қалу дағдыға айналды. Маңғыстау – ылғалдылық мөлшері жылына 120-140 мм.-ден аспайтын, ең жаңбырлы деген жылдары ылғалдылық мөлшері әрі кеткенде 250 мм.-ге дейін ғана жететін шөлді өлке. Жауын-шашынның сирек болуы кейде ондаған жылдарға созылып, керісінше күннің ыстықтығы жерді қуырып жібереді. Онсыз да мардымсыз қылтиып тұрған шөп атаулының ғұмыры тым қысқа – мал аузына іліккені құт, қалғаны күнге күйіп, құрт түсіп тоз-тоз болады. Осыншалықты тозған жер барынша жараланғыш, қара жерді осып тұрып екі рет жүріп өткен ауыр көліктің ізіне шөп өскенін көру үшін 5-10 жыл күтуге тура келеді. Деректерге сүйенсек, 1930 жылдарға дейінгі санақтарда 1 млн. 750 мың бас қой мен ешкіге өріс болып, қорасы мыңғырған малға толған өлкеде ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән берілген кеңестік кезеңнің өзінде мал саны 1 млн.-ға жеткен жоқ. Бұған себеп – өндірістің дамуы, алуан техникалардың жердің астаң-кестеңін шығара «ой қастауы». Қатты, тегістік жерлер ақ шаңның ойнағына айналса, тағдыры бетінде өскен өсімдіктер әлеміне тығыз байланысты құмды аймақтар алдыңғы кезекте өзгеріске ұшырады.

Ежелгі теңіз шөгінділерінің көшуінен пайда болған Маңғыс таудағы құм алаптары қырда Қаракұм, Сам, Матай құмдары, ал, түбектің ойында оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа қарай созылған Бостанқұм, Түйесу, Сауысқан, Сеңгірқұм, Тышқанқұм, Қарынжарық құмдары болып тізбектеледі. Соңғы айтылған құм алаптары 4 000 шаршы шақырымнан астам жерді алып жатыр. Әу бастан жергілікті тұрғындар жал-жал шағыл құм мен ондағы өсімдіктер дүниесін көздің қарашығындай сақтап, отын-суы мардымсыз мезгілде бір түп бұтаны сындыруға жол бермеген Сам, Матай құмдарында жағдай қалыпты болса, құмды бекітіп тұрған өсімдіктері жойылып, көшіп-қонған құмдары алаңдатқан Қызылқұм, Түйесу, Бостанқұм алаптары болды. 1960-шы жылдардағы Маңғыстау өңіріне геологиялық барлау жұмыстарының басталуы, жұмысшы кенттерінің пайда болуы суы тапшы далада құм бауырындағы жерасты суларына «қол салуға» мәжбүр етті. Тұрғындары көбейіп, өндірісі дамыған Жаңаөзен қаласын сумен қамтамасыз ету кейін Қиғаштан тартылған су құбыры арқылы жүзеге асырылғанмен, белгілі бір көлемде әлі жерасты суларына тәуелділік бар. Жарты ғасырдан астам уақыт, яғни 55 жыл бойы Ұштаған ауылы орналасқан Бостанқұм бетінен сорылған су Жаңаөзен қаласына айдалуда. Мұның зардабын ұштағандықтар, жеке шаруа қожалықтары тартудай-ақ тартып келеді. Ауылда бұрынғы колхоз орны түгелдей құм астында қалды, тек кейбір жел үрген жерлерде үйлердің іргетасы мен құдықтардың әйкелдері қарауытады. Ал Сенек ауылы орналасқан Түйесу құмында су деңгейі 12-15 метрге дейін төмендеп, 47,5 шаршы шақырым жерден қылтанақ табу қиынға айналды, ескі мектеп, интернат ғимараттары мен бірнеше тұрғын үйлерді құм бүркеді. Бозашы даласының оңтүстік батысына таман, шығыстан батысқа қарай созылып жатқан ені 5-10, ұзындығы 35-40 шақырымдай Қызылқұм шағылы иектеген Тұщықұдықтың да құмнан көрген құқайы аз емес. Ауылдан жарты шақырымдай қашықтықтағы Айдар ишан қорымы құм астында қалып, ұрпақтар ата-баба басына қайтадан құмнан асыра ұзартып белгі соғып әлек. Соңғы үлгіде салынған ақшаңқан ауыл Тұщықұдықтың сәнін жал-жал құмдар бұзып барады. Осы Түйесу, Қызылқұм, Бостанқұм алаптарында 200 шаршы шақырым жер шағылға айналған, нақтырақ айтсақ пайдалануға жарамсыз. Мәліметтер әлемде әрбір сағат сайын 7 шаршы шақырым жердің шөлге айналатындығын айтады, бұл құрлықтың 43 пайызын адам тұрып, тіршілік етуге қолайсыз қалыпқа түсірген. Толассыз жаң бырдан түскен су жерге сіңіп өздігінен молайып отыратын мүмкіндігі жоқ немесе таудан аққан өзен-бұлағы тағы жоқ өңір табанына миллиондаған жылдар бойы жинақталған су қоры үздіксіз сорып алу салдарынан енді оншақты жылдан соң сарқылуы бек мүмкін. Сонда Маңғыстауда көз алдымызда, өз қолымызбен шөл жасау қаншалықты қажет? Құм көшкініне соқтыратын себеп – өсімдіктердің жойылуы болса, өсімдіктерді жоятын алдымен оған нәр беріп

тұрған жерасты суларының сорылуы, екіншіден жергілікті тұрғындардың күні кешеге дейін құм өсімдіктерін отын ретінде пайдалануы, үшіншіден онсыз да азып, жұтаңдана бастаған құмға мал жаю. Атан түйені ұшырарлық өктем желі бар Маңғыстауда желге ілесе құтырынатын құмды дауыл мен құмдардың көшуі, ауылаймаққа, экологияға тигізіп жатқан әсері туралы білікті маман О.Тоғжанов, ауыл азаматтары Қ.Наурызмағанбетов, С.Әбішев шыр-пыр болып үлкенді-кішілі жиын-жиналыста жақ жаппай мәселе көтерді. Алматыға талай рет барып, ғылыми негізде көмек сұрап қақпаған есігі қалмаған азаматтардың қолқасын Білім және ғылым министрлігінің География институты қабылдап, құмды құрықтауға қызығушылық танытты. 2003 жылдан бастап аталмыш институт Кеңес Одағындағы жалғыз ғылыми орын болған Түркіменстандағы Шөл институтының, өзге де ғалым-мамандарды қатыстыра отырып, жоба жасақтады. Географиялық институт Сенекте 300 га. жерге жасыл белдеу орнатты, 2007 жылы Ұштағанда құм тоқтату жұмысын бастап, үш жыл бойы 530 га. жерге бұталы өсімдіктер егумен, фитомелиорация жұмыстарымен айналысты. Не нәрсеге де алдымен үрке қарайтын әдет пе, қоршаулар салынысымен малының қамын ойлап наразы болған жергілікті халық кейіннен істің нәтижелі болуына өздері атсалысып, жұмыла кірісті. «Құм басып қалды!» деп атойлап алыстан көмек шақырта беру де оңай емес, сондықтан жергілікті жігіттер құм тоқтатудың ғылыми негіздерін үйреніп, өз бетінше әрекет етуге кірісті. Осы мақсатта «Жасыл әлем» МКК құрылды.

– Арнайы жасақталған жылыжайда өсірілген және Қызылорда, Шалқар өңірлерінен әкелінген сексеуіл, жыңғыл, селеу, жүзген, шағыр, қияқ түрлері, Сам құмынан әкелінген қоянсүйек әлек салған құмдарға отырғызылды. Жер қаба тының төменгі бетінде орналасқан ылғалға жеткенше қолдан суарылып, малдың отап кетуінен сақтау үшін орасан күш жұмсалды. Темір шарбақтар салынып, құмға тосқауыл үшін қажетті қамыс

өсіруді қолға алдық. Жыл сайын әр құм алабында 100 га. жерді қалпына келтіруді жоспарлап отырмыз. Бүгінге дейін жасалған шаруалар аз емес, бірақ алдағы жұмыстар бұдан да ауқымды, әрі күрделі. Биіктігі 70-80 метрлік құм төбелер аунап қонып жүрген шөлді аймақта қолға алған жұмыстарымыздың 60-70 пайызы оң нәтиже береді, отырғызған өсімдіктерді құм басып қалған кездер де болды, – дейді «Жасыл әлемнің» басшысы Қ.Мәтiков. Бес жылдық тарихында тәжірибе жинап, құм тоқтауға білек сыбана кірісіп, біраз асау құмды бұталы өсімдіктермен «бекітіп-тұсап» тастаған мекемеге арабтың әйгілі «әл-Жазирасы» келіп, қазақтардың іс-тәжірибесін араб даласының құмдарын ауыздықтау үшін «арқалап» кетіпті. «Жасыл әлемдіктер» 70 адамдық күшпен адам баласы қолымен бүлдірген қателікті қалпына келтіру үшін құм арасында қарбаласа қызмет етуде. Құм астында қалу қаупі төнген ауылдың тұрғындары – тұщықұдықтық А.Жұмақали География институты ұжымына, Сенектің тұрғыны Ш.Жариев «Жасыл әлем» МКК қызметіне алғысын жеткізді. Ал Ұштаған ауылынан К.Түгелов Жаңаөзенге су айдауды тоқтату қажеттігін, өндірістік мекемелерден ауылдық жерлерге ешқандай пайда жоқтығын, оларға қажетті су көздерін басқа жерлерден іздеуі қажеттігін ашына айтты.

Расында табиғаттың бұлайша «науқастануының», яғни өзіндік үйлесімділігін жойып, азып-тозуының құныкері – адамдар. Бүгінін ғана ойлаған ашкөздік, табиғатқа шеті мен шегі жоқ жансыз дүние ретінде қарап, аяусыз талапайлаған қатыгездік осы жағдайға соқтырды. Ақыры не боларын алдағы уақыт көрсетеді...

Гүлайым ШЫНТЕМІРҚЫЗЫ